

---

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ**

**Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы  
кафедрасы**

**ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

**65197 Отбасы құқығы**

**«6B04205 –Құқықтану»**

**мамандығы бойынша құқық бакалавры» білім беру бағдарламасы**

**АЛМАТЫ, 2023**

---

«6B040205 –Құқықтану»

мамандығы бойынша оқу жұмыс жоспарының негізінде жасалынды

ПОӘК құрастырған – з.ғ.к., доцент Г.Б.Мұқалдиева

Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.

« 22 » 06 2022 ж. №39 Хаттама

Кафедра меңгерушісі,  
з.ғ.д., профессор



Тыныбеков С.Т.

## Кіріспе

«Құқықтану» мамандығы бойынша бакалавриаттың білім алу бағдарламасын игеру ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына және академиялық саясатқа сәйкес, пәнді оқып игеру емтиханды тапсырудан тұратын қорытынды бақылаумен аяқталады. Емтихан- қорытынды бақылауға бакалавриаттың оқу бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес, пән бойынша білім алу процесін аяқтап тиісті балл жинаған студенттер ғана жіберіледі. Емтихан академиялық күнтізбеде және оқу жұмыс жоспарында көрсетілген мерзімдерде өткізіледі.

Қанағаттанарлықсыз баға алған студенттерге осы кезеңдегі қорытынды бақылауды қайта тапсыруға тек ақылы түрде кредит төлеп, қайта оқу арқылы рұқсат етіледі. Апелляция беру қарастырылған. Емтихан нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған студент бұйрығымен қайтадан оқуға тіркеледі, егер емтиханнан 25 балл алса онда қайта тапсыру FX қайта тапсырылады. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейінгі берілген денсаулық жағдайына байланысты құжаттар қарастырылмайды.

Бағаны көтермелеу мақсатында емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді.

Емтихан сұрақтары тексерістен өтіп бекітіледі. Биылғы оқу жылының ерекшелігіне байланысты БП МК циклындағы пәндер Универ жүйесінде тест тапсыру арқылы қабылданады. Тест сұрақтары Нұсқаулықпен бекітілген үлгідегі үш деңгейдегі осы оқу жоспарындағы тақырыптармен қамтылған 200 сұрақтан 1 дұрыс жауаппен құрылған.

### Емтихан тапсыру бойынша нұсқаулық:

1. **Пән бойынша қорытынды бақылау нысаны – универ жүйесінде тест түрде (онлайн) өткізіледі.** Емтихан қабылдау барысы –проекторингпен бақыланады, автоматты түрде тексереді.

2. **Маңызды** – емтихан міндетті түрде алдын ала бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі, ол туралы алдын ала оқытушылар мен студенттерге мәлім болуы керек.

3. Аттестациялық ведомостқа қорытынды баға емтихан аяқталғаннан кейін 48 сағатта қойылады.

•48 сағат ішінде бекітілуге жатады

4. Универ АЖ емтихан сұрақтарының саны – 60 сұрақтан келеді. 1 мүмкіндік беріледі. Емтихан өту уақыты- 90 минут.

5. Емтихан тесттері- автоматты түрде генерацияланады

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ. ЕМТИХАН ТАПСЫРУ ҮШІН КОМИССИЯ ЖЕКЕ ШАҚЫРҒАНҒА ДЕЙІН UNIVER жүйесіне кіріп тест ашып тапсырады..**

- "Тест емтихан тапсыру" функциясы емтихан уақыты басталғаннан кейін ғана белсенді;
- "Тест емтихан тапсыру" функциясы бар студент үшін ғана белсенді жабылмаған қорытынды ведомостар (емтихан, қайта тапсыру, Incomplete).

**МАҢЫЗДЫ.** Емтихан басталар алдында кез келген платформада емтихан билеттерін жариялауға және білім алушыларға жіберуге тыйым салынады.

Емтихан алушы емтиханды қайта қосу үшін 30-40 минуттық кезеңдерге бөлуі керек. Студент емтиханды бір сессияда уақытында тапсыруы керек. Бір сессияда жауап беруді бастауға және қайта қосуды аяқтауға тыйым салынады.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ.** Егер техникалық себептер бойынша өз билетін ашқан студент емтиханда онлайн режимінде 10 минуттан артық болмаса, онда оның жауабы беріледі. Емтихан академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің келісімі бойынша басқа күнге ауыстырылады.

### **ЕМТИХАН ТАПСЫРУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША:**

1. Емтихан комиссиясы мен оқытушы емтиханға қатысушыларды аттестаттайды.
2. Univer АЖ-дағы қорытынды ведомостке балл қояды.  
Емтихан үшін аттестаттау ведомостына балл қою уақыты – **48 сағат.**  
**Сонымен:**
  1. Емтихан кесте бойынша өткізіледі.
  2. Студенттер мен оқытушы емтихан күні мен уақытын алдын-ала білуі керек.
  3. Univer АЖ-да "пән бойынша қорытынды емтихан" құжатын орналастыру міндетті.
  4. студент жауабы кезінде топтың басқа мүшелері күту режиміне өтуі мүмкін (камераларды өшіру керек, бірақ БКБ қызметінен шықпау керек).

10. Студент емтиханның өтуіне байланысты қосымша нұсқаулықтар мен ережелерді мына сілтемелер арқылы қарай алады:

[https://drive.google.com/file/d/1a5ZyTQTF6fR82wu\\_1-oUjHGO0sySalTh/view?usp=sharing](https://drive.google.com/file/d/1a5ZyTQTF6fR82wu_1-oUjHGO0sySalTh/view?usp=sharing)

### **11. Бағалау саясаты**

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау, аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің (мақсатпен көрсетілген оқыту нәтижелерінің) қалыптасуын тексеру.

Жиынтық бағалау: аудиторияда жұмыс белсенділігін және қатысуын бағалау; орындалған тапсырманы, СӨЖ-ді (жоба / кейс / бағдарлама/...) бағалау. Қорытынды бағаны есептеу формуласы ұсынылады.

Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі:  

$$\frac{PK1+MT+PK2}{3} \cdot 0,6 + ИК \cdot 0,4.$$
Мұнда АБ – аралық бақылау; МТ – аралық емтихан (мидтерм); ҚБ – қорытынды бақылау (емтихан).

| Әріптік жүйе бойынша баға | Сандық эквивалент | Баллдары (%-дық көрсеткіші) | Дәстүрлі жүйе бойынша баға |
|---------------------------|-------------------|-----------------------------|----------------------------|
| A                         | 4,0               | 95-100                      | Өте жақсы                  |
| A-                        | 3,67              | 90-94                       |                            |
| B+                        | 3,33              | 85-89                       | Жақсы                      |
| B                         | 3,0               | 80-84                       |                            |
| B-                        | 2,67              | 75-79                       |                            |
| C+                        | 2,33              | 70-74                       |                            |
| C                         | 2,0               | 65-69                       | Қанағаттанарлық            |
| C-                        | 1,67              | 60-64                       |                            |
| D+                        | 1,33              | 55-59                       |                            |
| D-                        | 1,0               | 50-54                       |                            |
| FX                        | 0,5               | 25-49                       | Қанағаттанарлықсыз         |
| F                         | 0                 | 0-24                        |                            |

### **Отбасы құқығы- 5 кредит.**

#### **Емтихан сұрақтары қамтылатын тақырыптар**

#### **1 Тақырып: Отбасы құқығы. Жалпы ережелер. Неке- отбасы заңдары.**

Отбасы құқығының түсінігі. Отбасы құқығының мүліктік және басқа да қатынастарды реттеудегі ролі, маңызы және міндеттері. Отбасы құқығының құқық саласындағы орнын анықтау.

Отбасы құқығының пәнін құрайтын отбасы құқығымен реттелетін қатынастар, түсінігі, ерекше белгілері. Отбасы-неке қатынастарын реттейтін құқықтық реттеу әдістері.

Отбасы құқығының негізгі қағидалары. Отбасы құқығының құрылымы. Отбасы құқы қайнар көздері және құрылымы. Неке- отбасы заңдары, түсінігі, құрылымы. ҚР-ның Неке және отбасы туралы, заңдары неке- отбасы қатынастарын реттеудің негізгі құралы ретінде. Азаматтық заңдарды неке-отбасы қатынастарына қолдану негіздері.

Отбасы құқық нормаларын топтастыру. Неке- отбасы заңдарының уақыт, кеңістік және қатысушыларға қарай әрекет ету тәртібі. Отбасы заңдарының дамуы- тарихи аспект. Қазіргі кездегі неке- отбасы заңдарының ерекшеліктері. Отбасы қатынастарына халықаралық құқық нормаларын қолдану негіздері мен тәртібі.

#### **2- тақырып: Отбасы-неке құқық қатынастары.. Неке- отбасы құқықтарын қорғау және жүзеге асыру.**



Отбасы-неке құқық қатынастары. Отбасы қатынастарының пайда болу негіздері. Отбасы қатынастарын құрайтын заңды фактілер.

Отбасы қатынастарымен байланысты тұлғалар шеңберінің, отбасының түсінігі(отбасы қатынастарының субъектілері). Отбасы құқындағы құқықабілеттілігі. Отбасы қатынастарының объектілері. Отбасы қатынастарының мазмұны. Отбасы қатынастарының түрлік сипаттамасы.

Отбасы- неке қатынастарынан туындайтын құқықтарды жүзеге асыру түсінігі. Отбасы-неке құқықтарын жүзеге асыру тәртібі, қағидалары және шеңбері. Отбасы-неке құқықтарын жүзеге асыру кезінде басқа субъектілердің және басқа отбасы мүшелерінің заңды мүдделерін және еркіндіктері, құқықтарын бұзуға жол бермеушілік. Неке- отбасы құқықтарын қорғау. Неке-отбасы қатынастарының мазмұнын құрайтын құқықтарды қорғау түсінігі, тәсілі. Соттық қорғау ерекшеліктері. Отбасы-неке құқықтарын мемлекеттік орган, қамқоршы және қорғаншы органдары арқылы қорғауды жүзеге асыру. Неке- отбасы құқықтарын бұзғаны үшін жауапкершілік түсінігі және негізі. Отбасы құқындағы мерзімдер. Отбасы-неке қатынастарынан туындайтын талаптарға талаптың ескіру мерзімін қолдану тәртібі.

### **3-Тақырып: Некенің тіркеу және бұзу.**

Отбасы құқы бойынша некенің түсінігі, сипатталатын белгілері. Некені жасау тәртібі. Азаматтық хал актілерін жазу органдарында мемлекеттік тіркеу. Некеге тұру жағдайлары. Некеге тұруға кедергі болатын жағдайлар.ҚР заңдары бойынша неке жасы. Некеге тұрушыларды дәрігерлік тексеру.

Некенің тоқтатылуы. Некенің тоқтатылуының негізі және кезеңі. Әртүрлі негіздер бойынша некенің тоқтатылуының салдары. Азаматтық хал актілерін жазу органдарында некені бұзу. Сот тәртібімен некені бұзу негіздері және тәртібі.

### **4- тақырып: Некені жарамсыз деп тану.**

Некені бұзу кезінде пайда болатын дауларды шешу. Некені жарамсыз деп танудың түсінігі.Некені жарамсыз деп тану негіздері. Жалған неке ұғымы.Некені жарамсыз деп тануға талап қоя алатын тұлғалар.Некені жарамсыз деп танудың салдары.

### **5-Тақырып: Жұбайлардың мүліктік емес жеке құқықтары мен міндеттері.**

Жұбайлардың мүліктік емес жеке қатынастары . Жұбайлардың мүліктік емес жеке қатынастарының ерекшеліктері.Жұбайлардың жеке мүліктік емес құқықтары мен міндеттері.Жұбайлардың жеке құқықтарының белгілері. Жұбайлардың жеке құқықтарының түрлері.

### **6- тақырып. Жұбайлардың мүліктік құқықтары мен міндеттері . Неке шарты.**

Жұбайлардың мүліктік құқықтары мен міндеттері Жұбайлардың мүлігінің режимі, түсінігі, түрлік сипаттамасы. Жұбайлардың ортақ біріккен меншігі. Жұбайлардың ортақ біріккен меншігін иелену, пайдалану және билік

ету. Жұбайлардың ортақ меншігін бөлу, негіздері мен тәртібі. Кәсіпкерлік қызметпен айналысу кезіндегі жұбайлардың немесе жұбайдың меншікті пайдалану тәртібі.

Неке шартының түсінігі, мазмұны, жарамдылық жағдайлары. Неке шартын жасау, өзгерту және бұзу тәртібі. Неке шартын жарамсыз деп тану. Міндеттемелер бойынша жұбайлардың жауапкершілігі.

### **7- Тақырып: Ата-аналардың құқықтары мен міндеттері. Әке (ана) болуды анықтау.**

Ата-аналардың құқықтары мен міндеттерінің пайда болуының негіздері. Ата-аналардың құқықтары мен міндеттерінің мазмұны, түрлік сипаттамасы. Ата-аналық құқықтырды жүзеге асыру тәртібі мен қағидалары.

Баланың құқықтары, түсінігі, түрлік сипаттамасы. Баланың шығу тегін анықтау. Әкелікті, шешелікті анықтау, жағдайлары мен тәртібі.

Туу туралы жазу кітаптарындағы жазбаларды жоққа шығару.

### **8-Тақырып:Ата-аналық құқықты шектеу, айыру.**

Ата-аналар арасында балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу.

Ата-аналық құқықтарды шектеу, негізі, тәртібі және құқықтық салдары. Ата-аналық құқықтан айыру. Ата-аналық құқықтардан айыру туралы істерді қарау, негізі, құқықтық салдары. Ата-аналық құқықтарды қалпына келтіру.

Баланы ата-анадан алып қою, негізі, салдары. Баланы ата-анадан алып қою туралы шешімнің орындалу тәртібі.

### **9 Тақырып: “Бала (қыз) ғып асырап алу.**

Бала асырап алу тарихы. Бала (қыз) қып асырап алынуға жататын балалар. Бала (қыз) қып асырап алу негіздері. Бір, бірнеше баланы әке-шешелерінің келісімімен, келісімінсіз асырап алу жағдайлары және тіртібі. Жұбайлардың біреуінің бала (қыз) қып асырап алу негіздері, тәртібі. Бала (қыз) қып асырап алуға баланың келісімі.

Бала (қыз) қып асырап алушылар шеңбері. Бала (қыз) қып асырап алудың құқықтық салдары. Асырап алынған баланың тегін, есімін,әкесінің атын және туған жерін жазу.

Бала (қыз) қып асырап алудың күшін жою негіздері, салдары. Бала (қыз) қып асырап алуды жарамсыз деп тану жағдайлары, тәртібі, құқықтық салдары. Бала (қыз) қып асырап алудың құпиялылығы. Бала (қыз) қып асырап алудың құпиялылығын жариялағаны үшін жауапкершілік.

### **10. Тақырып.Қорғаншылық және қамқоршылық институты. Патронат.**

Қамқоршылық және қорғаншылықтың даму тарихының кейбір аспектілері. Қамқоршылық және қорғаншылықтың қоғамның қазіргі кездегі даму жағдайындағы міндеттері. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау және есепке алу. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеу нысандары. Қорғаншылық түсінігі, ерекше белгілері.

Қамқоршылық, түсінігі, жалпы сипаттамасы. Қамқоршылық және қорғаншылық органдары, олардың міндеттері, функциялары және өкілеттілігі.

Қамқоршылық және қорғаншылықты бекіту негіздері және тәртібі. Қамқоршылар мен қорғаншылардың құқықтары мен міндеттері, түрлері, жүзеге асыру тәртібі. Қорғаншылықтағылардың мүлкіне билік ету. Қамқоршылық және қорғаншылықтың тоқтатылуы, тәртібі, құқықтық салдары.

Қамқоршылық және қорғаншылықтағы немесе тәрбиелеу және емдеу мекемелеріндегі тұлғалардың құқықтары. Әрекетқабілетті тұлғаларға қамқоршылық.

Патронат, түсінігі, бекіту негіздері. Балаларды тәрбиелеуге беру туралы шарттар. Қабылдап алушы тұлғалар.

### **11 Тақырып: Отбасы мүшелерінің алименттік қатынастары**

Ата-аналар мен балалардың алименттік қатынастары. Ата-аналардың өздерінің кәмелет жасқа толмаған балаларын асырау міндеттері.

Кәмелеттік жасқа толмаған балаларды асырауға қажетті алименттің мөлшері. Алиментті есептеу тәртібі. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тұрақты ақша сомасы түрінде ата-аналарының кірістерінен алиментті пайдалану және өндіріп алу. Кәмелеттік жасқа толған еңбекке қабілетсіз балаларға алимент төлеу.

Алимент төлеу туралы келісім. Алимент төлеу туралы келісімнің мәнді жағдайлары, нысаны, жасау тәртібі мен орындалуы. Алименттің мөлшерін анықтау, алимент төлеуден босату негіздері. Ата-аналарды асырап бағуға байланысты қосымша шығындарға қатысу.

Жұбайлардың және алдыңғы жұбайлардың алименттік міндеттемелері. Жұбайлардың және алдыңғы жұбайлардың бірін-бірін асырауға байланысты құқықтары мен міндеттері. Жұбайлардың және алдыңғы жұбайлардың алиментінің мөлшері, өндіру тәртібі, алименттік міндеттемелерден босату негіздері.

Отбасының басқа мүшелерінің алименттік міндеттемелері, өндіру негіздері және төлеу тәртібі. Алиментті индекстеу. Алименттің мөлшерін өзгерту негіздері, тәртібі. Алименттік міндеттемелердің тоқтатылуы.

### **12 Тақырып: Азаматтық хал актілері. Азаматтығы жоқ және шетел азаматтарының қатысатын неке-отбасы қатынастарына отбасы нормаларын қолдану**

Азаматтық хал актілері түсінігі, түрлік сипаттамасы. Азаматтық хал актілерін тіркеу. Азаматтық хал актілерін тіркеу органдары, олардың міндеттері, функциялары және өкілеттілігі. Азаматтық хал актілерін тіркеу ережелері және тәртібі. Азаматтық хал актілерін тіркегені үшін мемлекеттік баж. Азаматтық хал актілеріндегі жазуды өзгерту, түзету, жою тәртібі. Азаматтық хал актілерін қалпына келтіру негіздері, шарттары және тәртібі.

Азаматтық хал актілеріндегі жазу ережелерін бұзғаны үшін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі.

### **13 Тақырып: ҚР азаматтары мен шетел азаматтары немесе азаматтығы жоқ**

**адамд  
ар**



### **арсындағы некені құқықтық реттеу.**

ҚР азаматтары мен шетел азаматтары немесе азаматтығы жоқ адамдар арасындағы некені құқықтық реттеу.

Қазақстан Республикасы аумағында, елшілік аумағында, Қазақстан Республикасы консульдық мекемелерінде некеге тұру тәртібі. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары не азаматтығы жоқ адамдар арасындағы некені тану тәртібі. Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары не азаматтығы жоқ адамдар арасындағы некені бұзу.

Шетел элементтерімен неке- отбасы қатынастарын құқықтық реттеу ерекшеліктері. Жұбайлардың, ата-аналар мен балалардың құқықтары мен міндеттері.

Шетел азаматтарының бала (қыз) қып асырап алуды құқықтық реттеу. ҚР-н тыс жерде азаматтық хал актілерін тіркеу. Басқа мемлекеттердің аумағында азаматтық хал актілерін тіркеу туралы берілген құжаттарды тану.

### **Ұсынылған әдебиеттер:**

1. ҚР Конституциясы. 1995. ж. өзг. Тол 2023.ж.
2. ҚР Азаматтық кодексі (жалпы бөлім). 27.12.1994 ж.өзг.тол.19.02.23.
3. ҚР Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) 01.07.1999.өзг.тол.02.03.23.
4. ҚР Неке (ерлі-зайыптылық)және отбасы туралы Кодексі. 26.12.2011ж.2023
5. Г.Б.Мұқалдиева ҚР Отбасы құқығы., Алматы 2015.

**Интернет-ресурстар:** пән бойынша қосымша оқу материалы, сондай-ақ деректер базалар жүйесі үшін құжаттама, үй тапсырмасын, жобаларды орындау үшін пайдаланылатын, univer.kaznu.kz. сайтының бетіндегі ПОӘКбөлімінде қол жетімді болады. <http://www.Adilet.zan.kz>, <http://almatyotary.kz/vystuplenie--a.-zhanabilovoy---pred>, <http://www.gov.ru/node/254>

